

"Ақмола облысы бойынша жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2019 жылғы 25 қазандағы № 6С-38-4 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облыстық мәслихатының 2021 жылғы 13 желтоқсандағы № 7С-12-6 шешімі. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 8С-13-10 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облыстық мәслихатының 25.09.2024 № 8С-13-10 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. "Ақмола облысы бойынша жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы" Ақмола облыстық мәслихатының 2019 жылғы 25 қазандағы № 6С-38-4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7441 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-8-тармағына сәйкес Ақмола облыстық мәслихаты ШЕШТІ:";

көрсетілген шешіммен бекітілген Ақмола облысы бойынша жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың қағидалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облыстық
мәслихатының хатшысы

M.Балпан

Ақмола облыстық мәслихатының
2021 жылғы 13 желтоқсандағы
№ 7С-12-6 шешіміне
қосымша

Ақмола облыстық мәслихатының
2019 жылғы 25 қазандағы
№ 6С-38-4 шешімімен
бекітілген

Ақмола облысы бойынша жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың үлгілік қағидалары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Ақмола облысы бойынша жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-8-тармағына, "Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 48 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген Жерлеудің және зираттарды күтіп ұстau ісін үйымдастырудың үлгілік қағидаларына сәйкес өзірленді және жерлеудің және зираттарды күтіп-ұстau ісін үйымдастырудың тәртібін айқындайды.

Зират қорымдарын күтіп-ұстauға және пайдалануға, қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеуді және қайта жерлеуді үйымдастыруға, сондай-ақ жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 19 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24066 болып тіркелген) бекітілген "Зираттар мен жерлеу мақсатындағы объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларымен айқындалады.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жерлеу – санитариялық, табигатты қорғау, қала құрылышы және өзге де қағидалар мен нормаларға қайшы келмейтін, марқұмның тілегіне, діни сеніміне, әдет-ғұрыптарға және салт-дәстүрлерге сәйкес қайтыс болған адамның денесін (сүйегін) жерге (қабірге, лақатқа) жерлеу немесе сүйегі (кулі) бар урнаны қабірге, лақатқа жерлеу арқылы отқа жағу (кремациялау) бойынша әдет-ғұрып әрекеттері ;

2) зират – қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін (мұрдесін) жерлеу орыны;

3) зират қорымы – қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін (мұрделерін) жерлеу үшін арнайы бөлінген аумақ;

4) зират қорымының әкімшілігі – зират қорымын ұстau және пайдалану жөніндегі үйымдастырушылық-өкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды жүзеге асыратын жеке немесе занды тұлға;

5) азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі (бұдан әрі – тіркеуші орган) – азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган.

2-тaraу. Жерлеудің және зираттарды күтіп-ұстau ісін ұйымдастырудың тәртібі

3. Жергілікті атқарушы органдар зират қорымы орналасқан және оларға арналған ортақ пайдаланудағы жерден елді мекеннің қайтыс болған әрбір тұрғынын немесе осы елді мекенде қайтыс болған тұрғылықты жері белгісіз адамды жерлеу үшін кемінде алты шаршы метр жер участкесін тегін бөледі.

Зират қорымының аумағы қабірлерге арналған қатарларға бөлінетін және автомобиль көлігіне арналған өтпе жолдармен және зират участкелеріне өтетін жолдармен жайластырылатын участкелерден тұрады.

Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі зиратқа арналған жер участкелерін есепке алу деректерін (мәліметтерін) жинақтауды және тіркеуді ұйымдастырады, сондай-ақ жерлеу жөніндегі істі ұйымдастыру туралы шарт талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады.

Облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі зиратқа арналған жер участкелерін есепке алу журналдарының негізінде есепке алушы және тіркеуді жүргізеді.

Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімдігі жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында зират қорымының бос емес және бос участкелері бойынша өзекті ақпаратты орналастырады.

4. Жерлеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген № 045/е нысаны бойынша қайтыс болуды тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші орган берген қайтыс болу туралы қуәлікті және (немесе) қайтыс болу туралы медициналық қуәлікті зират қорымының әкімшілігіне ұсынғаннан кейін зират қорымының аумағында жүргізіледі.

5. Жерлеу зират қорымы әкімшілігі жүргізетін есепке алу журналында тіркеледі.

6. Есепке алу журналында мынадай мәліметтер:

жерлеу жылы, айы, күні;

қабірдің нөмірі;

қайтыс болған адамның аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі;

туған және қайтыс болған күні;

қайтыс болуының себебі;

қайтыс болуы туралы қуәліктің нөмірі, күні және оны кімнің бергені;

марқұмның аты, әкесінің аты (болған жағдайда), тегі, жеке сәйкестендіру нөмірі (болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың берілген күні және нөмірі, жақын туыстарының мекенжайы, туыстары болмаған жағдайда, жерлеуді жүргізген адамның мекенжайы не жерлеуді жүргізген үйымның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, мекенжайы қамтылады.

7. Жақын туыстарының, сондай-ақ жұбайының (зайыбының) жазбаша өтініші бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы қайтыс болған адаммен жақын туыстығын растайтын құжаттарды ұсынған кезде қайтыс болған адамды немесе оның сүйегін бұрын қайтыс болған жақын туысының жаңында жерлеу көрсетілген жерлеу орнында бос жер участесі немесе бұрын қайтыс болған жақын туысының зираты болған кезде қамтамасыз етіледі.

8. Сот-медицинада зерттеуден кейін мәйітханада жүрген қайтыс болған адамдардың табылған мәйіттерін немесе олардың сүйектерін, суға кеткендерді, үйден тыс жерде кенеттен қайтыс болғандарды жерлеу жерлеу рәсімін ұйымдастыруды өзіне алуы мүмкін туыстары немесе адамдар мен мекемелер болмаған кезде қайтыс болу фактісі тіркелгеннен кейін жергілікті атқарушы органдарға жүктеледі.

9. Туыссыз адамдарды жерлеу бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

10. Мына жағдайлардан басқа жағдайда, жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында сүйектерді қайта жерлеуге жол берілмейді:

зират қорымын немесе оның участесін мерзімінен бұрын жою;

сүйектерді (мұрделерді) Қазақстан Республикасының басқа жерлеріне немесе одан тыс жерлерге қайта жерлеу үшін жекелеген зираттардан тасымалдау кезіндегі жағдайларды қоспағанда, сүйектерді (мұрделерді) жұмыс істеп тұрған және жабық зират қорымдарында қайта жерлеуге рұқсат етілмейді.

11. Қабірлерді жобалау және салу:

қабірлердің участекелері арасындағы қашықтық үзын жақтары бойынша кемінде 1 метрді, ал қысқа жақтары бойынша кемінде 0,5 метрді құрайды;

қабірдің терендігі топырақтың сипатына және топырақ асты суларының деңгейіне байланысты белгіленеді және жер бетінен табыттың қақпағына (бар болған жағдайда) дейін кемінде 1,5 метрді құрайды. Барлық жағдайларда қабірге арналған белгі жер асты суларының деңгейінен 0,5 метрге жоғары болады;

аса қауіпті инфекциялардан қайтыс болғандар үшін қабірдің терендігі 2 метр деңгейінде белгіленеді, бұл ретте түбіне кемінде 10 сантиметр қабатпен хлорлы әк салынады;

әрбір қабірдің жер бетінен 0,5 метрге биік үймесі (бұдан әрі – қабір үсті төмпешігі) болады. Қабір үсті төмпешігі қабірді атмосфера суларынан қорғау үшін оның шеттерін жауып тұруы тиіс.

12. Жерлеу орындарын абаттандыру және оларды күтіп-ұстай:

Жерлеуге бөлінген участкенің шекарасында:

табиги тастан немесе бетоннан жасалған қабір үсті ескерткіштер мен құрылыштар, гүлзарлар мен орындықтар орнатуға;

қабір басында гүл, кейіннен қырқылып отырылатын сәндік бұтадан қоршау отырғызуғажол беріледі.

Зираттарды одан әрі құтіп-ұстауды жақын туысы тиісті тәртіппен қамтамасыз етеді.

Ескерткіштер мен құрылыштарды орналастыруға, үстелдерді, орындықтарды және құрылыштарды жерлеу участкесінен тыс жерлерде орналастыруға жол берілмейді.

Зират қорымдарын (өтпе жолдар, соқпақтар, гүлбақтар, көгалдар, кәріздік, электрлік және су құбыры желілері және құрылыштар) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті тәртіппен жергілікті атқарушы органдар құтіп ұстайды.

13. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы мен зират қорымының әкімшілігі арасында зират қорымдарын құтіп-ұстауға және оларға қызмет көрсетуге шарт жасасу мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес өткізілетін конкурстың қорытындысы бойынша уақтылы жүзеге асырылады.

14. Зират қорымының әкімшілігі мыналарды:

1) азаматтарға жерлеу қызметтерін көрсету тәртібі туралы, оның ішінде зират қорымы аумағындағы стендерде ақпарат орналастыра отырып, толық ақпарат беруді;

2) қайтыс болған адамдарды немесе олардың сүйектерін жерлеу үшін зираттарды уақтылы дайындауды;

3) жерлеу үшін әрбір жер участкесін бөліп берудің белгіленген нормасын және зираттарды дайындау қағидаларын сақтауды;

4) ғимараттарды, инженерлік жабдықтарды, зират қорымының аумағын, қоршауды, жарықтандыруды жарамды қүйде ұстауды;

5) жалпыға ортақ пайдаланылатын жолдарды және шаруашылық мақсаттағы басқа да участкелерді жүйелі түрде жинауды, сумен жабдықтау желілеріне қызмет көрсетуді, зираттың бүкіл аумағындағы жасыл екпелерді құтіп-ұстауды, жолдарды ағымдағы жөндеуді және қоқысты уақтылы шығаруды қоса алғанда, зираттарды құтіп-ұстау жөніндегі жұмыстардың ұйымдастырылуын бақылауды;

6) азаматтарға жерлеу орнын құтіп-бағу үшін мүкәммалды жалға беруді;

7) жерлеу қызметтерінің өзге де субъектілеріне тең қолжетімділікті ұсынуды қамтамасыз етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК